Қысқа мерзімді (сабақ) жоспары

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Бөлім: | | | | |
| Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты | **Кайынбекова Карлыгаш Оспановна** | | | |
| **Күні** | **5.10.2022** | | | |
| **Сынып: 1 А** | **Қатысқандар саны:** | **Қатыспағандар саны:** | | |
| **Сабақтың тақырыбы** | **Т дыбысы мен әрпі** | | | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | 1.1.2.1* көмекші құралдар (тірек сызба, сюжетті сурет) арқылы оқиғаның ретін сақтай отырып баяндау;<br>1.2.1.2* оқу түрлерін (буындап оқу, тұтас оқу, мәнерлеп оқу, түсініп оқу) қолдану;<br>1.3.8.1 жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу. | | | |
| **Сабақ мақсаттары** | Көмекші құралдар (тірек сызба, сюжетті сурет) арқылы оқиғаның ретін сақтай отырып баяндайды.<br>Оқу түрлерін (буындап оқу, тұтас оқу, мәнерлеп оқу, түсініп оқу) қолданады.<br>Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазады. | | | |
| **Сабақ кезеңі/уақыты** | **Педагогтың әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
| **Сабақтың басы**<br>Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру<br>1 мин<br><br>Өткен тақырыпты қайталау<br>4 мин | **Психологиялық ахуал тудыру мақсатында:**<br><br><br>-Балалар, бүгін сабағымыз күндегі сабағымыздан ерекшеленеді. Бүгінгі сабағымызға қонақтарымыз келіп отыр.<br>Бүгінгі сабағымызда кең байтақ қазақ жерін саяхаттап келеміз. Саяхатқа жүрдек пойызбен шығып, әр қаладан вагондарды тіркеп аламыз. Ол үшін берілген тапсырмаларды дұрыс орындауымыз қажет.<br>**Вагонының тапсырмасы**<br>**Сұрақтарға жауап беріп, өтілген әріптерден сөз құрап жазыңыздар.**<br><br>Біз *«Ойлан тап»* ойынын ойнаймыз. Менің қолымда доп бар. Мен допты қай балаға лақтырсам , сол бала менің қойған сұрағыма жауап беруі керек.<br><br>1.- Әліппе сабағынан дыбыстармен танысып, таңбалануын үйреніп жатырмыз.<br>- Дыбыс деген не? | Шаттық шеңбері<br><br>Дыбыстарды ауызбен айтамыз, құлақпен естиміз.<br>Әріпті көзбен көріп, қолмен азамыз.<br>Әріп дегеніміз – | Смайлк арқылы бағалау | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | -Әріп деген не?<br>-Дыбыстар нешеге бөлінеді?<br><br>**Өткен әріптерді қайталау**<br>Балалар, қазір «Зейінді бол» ойынын ойнаймыз.<br>Өтілген әріптерден сөздер құрап тақтаға жазамыз.<br>**А, Р, Л, У, Н, С,О**<br>Дескриптор:<br>-Әріптерден сөз құрады.<br>-Сөздерді дұрыс жазды. | дыбыстың таңбасы. Дауыссыз және дауысты болып екіге бөлінеді.<br><br>Сөздерді жазады.Ана, сана, сона, ара т.с.с | Қол шапалақтау арқылы бағалау | Кеспе әріптер |
| **Сабақтың ортасы**<br>**Жаңа сабақ**<br><br>**5 мин**<br><br><br><br><br><br><br><br><br>**4 мин** | **Дүйсенбі вагонының тапсырмасы**<br>**Бүгін қай дыбыспен танысатынымызды анықтаңыздыр.**<br><br><br>**4 сурет 1 сөз әдісі арқылы Т дыбысы мен әрпімен таныстыру**<br><br>**-Суреттен нелерді көріп отырмыз?**<br>**-Суреттегі заттарды бір сөзбен қалай атаймыз?**<br>**-Тағам**<br>**-Жарайсыздар, тағы қандай тағам түрлерін білесіздер?**<br>**-Тағам сөзінің басында қай дыбыс естіліп тұр?**<br>**-Дұрыс айтасыздар Т дыбысы**<br>**-Т дыбысын айтып көрейікші**<br>**-Т дауыссыз дыбыс**<br>**-Т дыбысы қай үйде тұрады екен**<br><br><br>**Суретпен жұмыс**<br>**Сейсенбі вагонының тапсырмасы**<br>**Суреттегі жануарларды атап, сөздердегі т дыбысының орнын анықтап, сөздерге дыбыстық талдау жасаңызда** | **Суреттегі көрсетілген заттарды атайды.**<br>**Бір сөзбен тағам деп атаймыз.**<br>**Сүт тағамдары, ет тағамдары, жеміс – жидектер**<br>**Т дауыссыз дыбыс**<br><br>Сурет атауларында Т дыбысы сөздің қай жерінде (ортасында, алдында, соңында) келетінін анықтап, сол | **Смайлк** | Сурет |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **8 мин** | <br><br>Дескриптор:<br>-Берілген сурет атауларында Т дыбысы сөздің қай жерінде келетінін анықтайды<br>-Сөздерге дыбыстық талдау жасайды<br><br>**Оқулықпен жұмыс. Оқылым**<br>**Сәренбі вагонының тапсырмасы Оқулықтағы сурет бойынша сұрақтарға жауап беріп, берілген сөздерді оқып үйреніңіздер.**<br><br>**«Диалог» әдісі**<br>Сурет мазмұны бойынша әңгіме құрау:<br><br>а) Сұрақ қою және оқушылар жауабының дұрыс және толық болуын қадағалау:<br>– Суреттегі үлкен кісі кім?<br>–Бұл – ата.<br>–Ол не істеді?<br>–Ол баланы атқа отырғызды.<br>–Бала атаға кім боп келеді?<br>–Бала – атаның немересі.<br>Оқушылар сюжетті сурет бойынша әңгіме құрайды: «Бұл – ата. Ол баланы атқа отырғызды. Бала – атаның немересі». | сөздерге дыбыстық талдау жасайды.<br><br>Әр буындағы дыбыстарды тұтастырып, «бір дыбыс» сияқты қосып, яғни дауыссыздан дауыстыға қарай және дауыстымен үндестіріп оқиды.<br><br>«Т» дыбысының айтылу ерекшелігімен танысады. | Смайлк | Сурет<br><br>Оқулық |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Берілген сөздерді оқиды.<br>Дескриптор:<br>-Сурет бойынша қойылған сұрақтарға толық жауап берді.<br>- Берілген сөздерді оқиды. | | | |
| **Сергіту сәті**<br>**2 мин** | «Көңілді күн» әнімен билету | | | бейнекөрініс |
| **5 мин**<br><br><br><br><br><br><br>***Сабақты қорыту***<br>**10 мин** | **Дәптермен жұмыс «Көркем жазу» әдісі .Жеке жұмыс**<br>**Жазылым**<br>**Бейсенбі вагонының тапсырмасы**<br>**Т әрпін жазып үйреніңіз.**<br><br><br>2.«Т» дыбысының таңбасы – т әрпін жазамыз.<br>3. «Т» әрпін ауада жазып көрсету.<br>4. Жазу дәптерімен жұмысты ұйымдастыру.<br><br>Дескриптор:<br>-Үзік сызықтарды бастырып жүргізу арқылы Т әрпінің бас және кіші әрпін жазды.<br>-Каллиграфиялық талапқа сай дұрыс және сауатты жазды<br><br>**Айтылым:**<br>**Жұма вагонының тапсырмасы**<br>**Т дыбысы кездесетін сөздерді есіңізге сақтап, сол сөздерден сөйлем**<br><br><br>**құраңыздар.**<br><br>Дескриптор:<br>Т дыбысы бар сөздерді есіне сақтады.<br>-Сол сөздерден сөйлем құрап айтты. | Оқушылар жазу дәптеріндегі тапсырмалар ды орындайды<br><br><br><br><br><br>Ноутбук арқылы көрсетілген сөздерді естеріне сақтап, сол сөздерден сөйлем құрап айтады. | Смайлк<br><br><br><br><br><br>Смайлк | Дәптер<br>Бейнекөрініс<br>Ноутбук<br><br><br><br>Бейнекөрініс,<br>ноутбук |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **4 мин** | **Топтық жұмыс**<br>**Сенбі вагонының тапсырмасы**<br><br>**Суреттердің алғашқы әріптерінен сөз құрап жазыңыздар.**<br> <br>Дескриптор:<br>-Суреттердің алғашқы әріптерінен сөз құрады.<br>-Шыққан сөзді оқиды. | Суреттердің алғашқы әріптерінен сөз құрайды, шыққан сөзді оқиды. | Екі топ бір-бірін смайл арқылы бағалайды | Қима қағаз |
| **Сабақтың соңы**<br><br>Кері байланыс<br>**2мин**<br><br>**Рефлексия** | **Жексенбі вагонының тапсырмасы**<br>**Бүгінгі сабақ бойынша сұрақтарға жауап беріп көріңіздер.**<br><br>Балалар, бүгін біз қандай әріп таңбасымен таныстық?<br>- «Т» дыбысы дауысты ма, әлде дауыссыз ба?<br>- Кім «Т» дыбысынан басталатын сөздер айтады?<br>**Рефлексия: Алма ағашы әдісі**<br>«Алма-гүл-жапырақ» әдісі арқылы сабақты қалай түсінгенін білдіреді<br>Алма- сабақты жақсы түсіндім<br>Гүл- сұрағым бар<br>Жапырақ-сабақты түсінбедім<br> | Сұрақтарға жауап береді.<br><br>Кері байланыс жасайды | | |